

## 2021-2023 жылдарға арналған Жаңақоныс ауылдық округ бюджетін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 617 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 30 желтоқсанда № 7885 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 9-1 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Шалқар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2021-2023 жылдарға арналған Жаңақоныс ауылдық округ бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2021 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 36430,1 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 1112,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 14,0 мың теңге;

трансферттердің түсімдері – 35304,1 мың теңге;

2) шығындар – 37772,9 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;

қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -1342,8 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) - 1342,8 мың теңге,

оның ішінде:

қарыздар түсімі – 0 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 1342,8 мың теңге.

**Ескерту. 1 тармақ жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 15.09.2021 № 98 шешімімен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 23.11.2021 № 127 шешімімен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).**

2. Жаңақоныс ауылдық округі бюджетінің кірісіне мыналар есептелетін болып белгіленсін:

салықтық түсімдер бойынша:

табыс салығы, оның ішінде жеке табыс салығы;  
меншікке салынатын салықтар, оның ішінде:  
мүлікке салынатын салықтар;  
жер салығы;  
көлік құралдарына салынатын салық;  
тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар, оның ішінде сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру үшін төлемдер;  
салықтық емес түсімдер бойынша:  
аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін салатын айыппұлдар;  
жеке және заңды тұлғалардың ерікті түрдегі алымдары;  
мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер, оның ішінде:  
аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігінен түсетін кірістер;  
коммуналдық меншігінен түсетін басқа да кірістер;  
басқа да салықтық емес түсімдер.

3. Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 2 желтоқсандағы "2021-2023 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 9 бабына сәйкес, 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап:

- 1) жалақының ең төмен мөлшері – 42500 теңге;
- 2) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 2917 теңге;
- 3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы 34302 теңге болып белгіленгені ескерілсін және басшылыққа алынсын.

4. Шалқар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № 605 "2021-2023 жылдарға арналған Шалқар аудандық бюджетін бекіту туралы" шешіміне сәйкес аудандық бюджеттен Жаңақоныс ауылдық округ бюджетіне 2021 жылға берілетін субвенция көлемі 13300,0 мың теңге сомасында көзделсін.

5. Шалқар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 22 желтоқсандағы №605 "2021-2023 жылдарға арналған Шалқар аудандық бюджетін бекіту туралы" шешіміне сәйкес аудандық бюджеттен 2021 жылға арналған Жаңақоныс ауылдық округ бюджетіне мынадай ағымдағы нысаналы трансферттер бөлінгені ескерілсін:

- ағымдағы шығындарға – 5662,0 мың теңге;
- елді мекендерді көркейтуге – 9401,1 мың теңге.

Ағымдағы нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу Жаңақоныс ауылдық округі әкімінің шешімі негізінде айқындалады.

Ескерту. 5 тармақ жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 15.09.2021 № 98 шешімімен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 23.11.2021 № 127 шешімімен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).

5-1. Ауылдық округтің 2021 жылға арналған бюджетіне облыстық бюджеттен жергілікті атқарушы органның мемлекеттік қызметшілеріне еңбекақы төлеудің жаңа жүйесін енгізуге 6941,0 мың теңге ағымдағы нысаналы трансферт түскені ескерілсін.

Ескерту. Шешім 5-1 тармақпен толықтырылды - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 15.09.2021 № 98 шешімімен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).

6. 2021 жылға арналған ауылдық округ бюджетін атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі, 4 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

7. "Шалқар аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада бекітілген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны жариялағаннан кейін Шалқар аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

8. Осы шешім 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Шалқар аудандық  
мәслихатының сессия төрағасы

Ж. Шамбалаев

Шалқар аудандық  
мәслихатының хатшысы

С. Бигеев

Шалқар аудандық мәслихатының 2020  
жылғы 29 желтоқсандағы № 617  
шешіміне 1 қосымша

## 2021 жылға арналған Жаңақоныс ауылдық округ бюджеті

Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Шалқар аудандық мәслихатының 15.12.2021 № 142 шешімімен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).

Санаты	Сыныбы			Сомасы, мың теңге
		Ішкі сыныбы		
			Атауы	
			І. Кірістер	36430,1
1			Салықтық түсімдер	1112,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	1112,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	30,0
		3	Жер салығы	0,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	1082,0
2			Салықтық емес түсімдер	14,0

	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	14,0
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	14,0
4			Трансферттердің түсімдері	35304,1
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	35304,1
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	35304,1
II. Шығындар				37772,9
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	26355,7
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	26355,7
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	26355,7
			001 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	26120,7
			022 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	235,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	11417,0
	3		Елді-мекендерді көркейту	11417,0
			Аудандық маңызы бар қала	

		124		, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	11417,0
			008	Е л д і мекендердегі көшелерді жарықтандыру	544,8
			009	Е л д і мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	250,0
			011	Елді мекендерді абаттандыру м е н көгалдандыру	10622,2
15				Трансферттер	0,2
	1			Трансферттер	0,2
		124		Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	0,2
			048	Пайдаланылмаға н (толық пайдаланылмаға н) нысаналы трансферттерді қайтару	0,2
				III. Бюджет тапшылығы ( -1342,8 профициті)	
				IV. Бюджет тапшылығын қаржыландыру ( 1342,8 профицитін пайдалану)	
8				Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	1342,8
	01			Бюджет қаражаты қалдықтары	1342,8
			1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	1342,8

## 2022 жылға арналған Жаңақоныс ауылдық округ бюджеті

Санаты					Сомасы, мың теңге
	Сыныбы		Ішкі сыныбы		
				Атауы	
				I. Кірістер	19485,0
1				Салықтық түсімдер	797,0
	04			Меншікке салынатын салықтар	797,0
		1		Мүлікке салынатын салықтар	29,0
		3		Жер салығы	33,0
		4		Көлік құралдарына салынатын салық	735,0
2				Салықтық емес түсімдер	16,0
	01			Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	16,0
		5		Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	16,0
4				Трансферттердің түсімдері	18672,0
	02			Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	18672,0
		3		Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	18672,0
<b>II. Шығындар</b>					<b>19485,0</b>
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	17630,0
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	17630,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	17630,0

			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	17630,0
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1855,0
	3			Елді-мекендерді көркейту	1855,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1855,0
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	400,0
			009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	250,0
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1205,0
				III. Бюджет тапшылығы (профициті)	( 0,0
				IV. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	( 0,0

Шалқар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 617 шешіміне 3 қосымша

## 2023 жылға арналған Жаңақоныс ауылдық округ бюджеті

Санаты			Сомасы, мың теңге
	Сыныбы		
		Ішкі сыныбы	
		Атауы	

			I. Кірістер	19485,0
1			Салықтық түсімдер	832,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	832,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	29,0
		3	Жер салығы	33,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	770,0
2			Салықтық емес түсімдер	18,0
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	18,0
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	18,0
4			Трансферттердің түсімдері	18635,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	18635,0
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	18635,0
II. Шығындар				19485,0
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	17630,0
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	17630,0
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	17630,0
			001 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	17630,0



07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1855,0
	3			Елді-мекендерді көркейту	1855,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1855,0
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	400,0
			009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	250,0
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1205,0
				III. Бюджет тапшылығы (профициті)	( 0,0
				IV. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	( 0,0

Шалқар аудандық мәслихатының 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 617 шешіміне 4 қосымша

## 2021 жылға арналған ауылдық округінің бюджетін атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі

Функционалдық топ				
	Кіші функция	Әкімші	Бағдарлама	
				Атауы
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық
	3			Елді-мекендерді көркейту

		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты
			011	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК